

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 тамыздағы № 168 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 қыркүйекте № 5515 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулы 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Қ. Шахпұтоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан ауданының әкімі

Т.Ерсейітов

Астрахан ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "5" тамыз
№ 168 қаулысымен
бекітілген

2016 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі ұйымдарында бір айда жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері (теңге)	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарда бір айда ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)

		мемлекеттік	жеке-меншік	мемлекеттік	жеке-меншік	мемлекеттік	жеке-меншік	мемлекеттік	жеке-меншік
1	Балабақша	220	50	23870	23870	23870	23870	8900	10000
2	Балалар толық күн болатын шағын орталық	0	0	0	0	0	0	0	0
3	Балалар жарты күн болатын шағын орталық	262	0	8461	0	8461	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК